ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 желтоқсан №5265-24-00-2/4000 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының білім басқармасының «Д.Нұрпейісова атындағы №116 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Кубеева Лаззат Мусаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шымкент қаласының білім басқармасының «Д.Нұрпейісова атындағы №116 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Кубеева Лаззат Мусаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Кубеева Лаззат Мусаевнадан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 10.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Сейтжанұлы С., 20.01.2025

5265-24-3-1/4292